Жетімдер үйінен кеткеннен кейін, бірі жалданып күнделікті нанын тапса, енді біреулер қылмыс жасап, бұзақылықпен айналысады. Сондықтан да, түрмеге түскендердің көпшілігі жетімдер үйінен шыққандар мен ата-анасының қарауынсыз қалған балалар болады екен.

Әрине, жанашыр жақыны жоқ, бесікте жатып анасының ақ әлдиін, әкесінің тәрбиесін көрмеген бала қандай болмақ?! Бір айта кетерлігі, балалар үйінің болғаны жақсы, бір жағынан жаман.

Себебі, көп аналар өз балаларын жетімдер үйіне апарып, «Балалар үйі» барғой, солар қамқор болады деген сеніммен тастап кетіп жатады. Сол себепті де жетім қалған балалардың саны күн санап өсіп келеді.

Дана халқымыз «Балалы үй — базар, баласыз үй қу мазар» деп, баланың көптеп дүниеге келуін тілеп, ұрпағының көбейіп, шаңырағының кеңейгенін жақсылыққа балаған.

Шындығында да солай, әр үйдің қуанышын молайтып, ата-ананы бақытқа бөлеп, былдырлаған тілімен, сынғырлаған күлкісімен үйдің сәнін кіргізіп, тәп-тәтті қылығымен қандай мұнды да жеңілдетіп, көңілінді көтеретін жас сәбидің бал үніне жететін бақыт жоқ шығар?!

Атам қазақ ешқашан жетімін тентіретпей, көрінгеннің қолшоқпарына айналдыруға ешқашан жол бермеген. Ал, мынандай жағдайға қарап тұрып, «жетім көрсең жебей жүр» деген дана халқымыздың данышпандығы қайда кеткен деген ойда қаламын.

Дүние есігін ашқан әр сәби жетім болу үшін не тастанды бала атану үшін өмірге келмейді. Ата-ананың жылуын сезінуге әркімнің құқығы бар. Ата-бабамыз ежелден-ақ бұл ақиқатты білген, сондықтан отбасындағы баланы ешуақытта жетім қалдырмаған, тіпті туыстарының да балаларын өз отбасына алып тәрбиелеген.

Бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербетер өз аналар арасынан азғындаған сіңлілеріміздің, қыздарымыздың осындай келеңсіздіктерге ұрынуы бір ғана отбасының немесе бір ғана ауылдың, аймақтың қасіреті емес, қазақ деген жаны жайсаң, көңілі дархан ұлтымыздың ұятына таңба болып басылып тұр.

Бұрындары ғой, осындай жолсыздықтың барлығын өзге ұлт өкілдерінің көптігінен көретінбіз. Арақ ішуді, жартылай жалаңаш жүруді, көшеде тұрып алып аймалап, сүйісуді өзіміз ұстаз санаған үлкен ұлттан келген пәле деп бағалайтынбыз. Ал қазір ше? Тәуелсіз елміз, біртұтас ұлтпыз, қазақ деген халықпыз. Басқа ұлт өкілдері қазақтарды еліміздің ұйыстырушы ұлты ретінде төбесіне көтеруде. Білімізді «мемлекеттік тіл» ретінде қабылдап, өз тіліндей үйреніп жатқандар қаншама. Осындай жағдайда ақталуға себеп жоқ. Біреуден көруге аузың да бармайды. Заман басқа дейін десең, желкілдеп өсіп келе жатқан білікті, білімді, әдепті жастарымыз бар, Төлегендей айбарлы жігіттеріміз де аз емес. Осылардың арасынан жаңағыдай әдепсіздер, көргенсіздер қайдан шығады?! Қоғам ауру дейін десең, дені сау, жұмыс істейтін адамдардың ең сорлысының жағдайы жаман деуге келмейді. Мектептен дейін десең, зәулім сарайдай сәулетті білім ошақтарының есігі айқара ашық. Ұстаздардың қателігі деп айтайын десең, олардың да еңбегі ерең. Әрине, бірең-сараны бар болар. Айналып келгенде сол мектеп пен отбасындағы тәрбиеге келіп тіреледі. Өзімізді өзіміз қанша ақтағанымызбен кінә өзімізден, мойымдауымыз керек.[1]

О'Бүгінгі нәресте ертеңгі күні ұлттың болашағы, мемлекеттің потенциалы, байлығы болатынын түсінген. Республикамыздағы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар көрсеткіші жылдан жылға азаю үдерісі – көңілге медеу болуда.[2]

Статистика деректеріне сүйенсек, жарық дүние есігін ашқан әр оныншы сәби 15 жасқа толмаған қыздардың перзенті. Биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығында 15 пен 18 жас аралығындағы 79 қыз бала жүкті болған. Былтыр жаза басқандардың саны 69 болған екен. Курортты аймақтағы сәбилер үйіндегі бейкүнә балалардың қатарын көбейтіп жатқандар да негізінен солар.[3]

2019 жылы 22 бала асыраушы отбасы пайда болып, заңды түрде бекітілді және мемлекет тарапынан отбасылық құрылымның асырап алу, патронаттық тәрбие, қамқоршылыққа алу және бала асырап алушы отбасы сияқты төрт түрі де мемлекет тарапынан материалдық тұрғыда ынталандырылды.

Сондай-ақ, 2019 жылы өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды қолдауға арналған Орталық құрылды. Оның жетімдер үйінен айырмашылығы, бала кез келген жағдайда жан-жақты әлеуметтік көмек түрлерін ала алады.[4]

Терезеге телміріп, анам мені қашан алып кетер екен деген үмітпен күндерін өткізетін балалар келешектен не күтер екен. Олардың болашағы үшін кім жауапты? Мемлекет әрбір ата-анасынан айырылған балаға кәмелет жасқа жеткенше қамқорлығына алып, оқытып, тоқытып, баспаналы болуға жағдай жасайды. Ал, одан кейінгі кезең қалай боларын ешкім де болжап біле алмайды.

Алайда, өзгенің баласын өз бауырына басып, баласындай бағып-қағып, бар мейірімін аямай, оларды үлкен өмірге қанаттандырып отырған патронат ата-аналар да жоқ емес, бар. Бірақ аз. Тілі енді ғана шығып келе жатқан сәбидің "мама..." деп былдырлай алмайтыны өкінішті-ақ. Айтар-ау, бірақ туған анасына емес. Өзгеге... Әрбір баланың өз анасы мен әкесі болып, толыққанды отбасында тәрбиеленіп жатса, одан артық не бар. Жылуды да, жақсылықты да отбасынан іздеген балақайлар үшін ананың мейірімінен артық нәрсе жоқ. Маңдайынан мейірлене иіскеп, басынан сипап "айналайын" деген сөзі бала үшін ештеңеге айырбасталмайтын бақыт екені даусыз.

Ендеше қазақы дәстүрімізге жат дүниеден бойымызды аулақ ұстап, өмірде шалыс басатын қадамдарға жол бермеуге тырысайық. Сонда ғана бала күлкісі өз шаңырағынан естілері анық. "Бала өмірдің базары" деп тегін айтылмаса керек. Ұрпақсыз мына дүние бос екенін ұмытпайық, ағайын!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. edu.e-history.kz/kz/publications/view/303
2. Доктыркүл. Е. Тастанды бала мен тасбауыр ана <https://asyldin.kz/article/view/id/557.html>.
3. Тастанды балалар тағдыры. <https://egemen.kz/article/210125-tastandy-balalar-taghdry>
4. Раяна.Р.Елімізде жетімдер үйіндегі бала саны 60 пайызға азайған. <https://kaz.nur.kz/1717416-elimizde-zetimder-jindegi-bala-sany-60-pajyzga-azajgan.html>

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ПРОКУРАТУРА ОРГАНДАРЫНЫҢ РӨЛІ

Тайшықов Жандос Хасенұлы

«Қоғамдық қауіпсіздік» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты

Жемпейісов Назарбек Шаруанұлы

*Ғылыми жетекші, «Арнайы заң пәндері» кафедрасының меңгерушісі, аға әділет кеңесшісі,
заң ғылымдарының кандидаты*

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы

Құқық қорғау органдары академиясы; Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан Республикасы;

Бұл мақала экономикалық қауіпсіздік пен оны қамтамасыз етудегі прокуратура органдарының рөлін анықтауға арналған. Жаһандану заманында Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігіне әсер ететін жаңа қатерлер мен тәуекелдердің туындауы мемлекеттің барлық салаларына әсер етіп, оған қарсы прокуратура органдарының үйлестіруімен жүйелі, бірлескен іс-әрекеттер қабылдауды қажет етеді және экономикалық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі болып саналады.

Түйінді сөздер: ұлттық қауіпсіздік, экономикалық қауіпсіздік, ұлттық мүдде, қауіпсіздік түрлері, прокуратура органдары, прокуратураның рөлі, қадағалау.

РОЛЬ ОРГАНОВ ПРОКУРАТУРЫ В ОБЕСПЕЧЕНИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Тайшыков Жандос Хасенович

Магистрант 2-курса образовательной программы «Общественная безопасность»

Жемпиисов Назарбек Шаруанович

*Научный руководитель, Заведующий кафедрой «Специальных юридических дисциплин»,
старший советник юстиции, кандидат юридических наук*

*Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре
Республики Казахстан;*

Данная статья посвящена определению роли органов прокуратуры в экономической безопасности и ее обеспечении. В эпоху глобализации возникновение новых угроз, влияющих на экономическую безопасность Республики Казахстан, затрагивает все сферы государства, требует принятия против него системных, совместных действий при координации органов прокуратуры, а также экономическая безопасность является неотъемлемой частью национальной безопасности.

Ключевые слова: национальная безопасность, экономическая безопасность, национальные интересы, виды безопасности, органы прокуратуры, роль прокуратуры, надзор.

THE ROLE OF THE PROSECUTOR'S OFFICE IN ENSURING THE NATIONAL ECONOMIC SECURITY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Zhandos Taishykov

2-year master's student of the educational program «Public safety»

Zhampeisov Nazarbek

Supervisor, Head of the Department of special legal disciplines

Academy of law enforcement agencies at Prosecutor General's office of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan;

This article is devoted to determining the role of the Prosecutor's office in economic security and its provision. In the era of globalization, the emergence of new threats that affect the economic security of the Republic of Kazakhstan affects all areas of the state, requires taking systematic, joint actions against it with the coordination of the Prosecutor's office, and economic security is an integral part of national security.

Keywords: national security, economic security, national interests, types of security, Prosecutor's offices, the role of the Prosecutor's office, supervision.

Әлемде қазіргі уақытта қалыптасқан әр түрлі күрделі жағдайлар: пандемия, экономикалық тоқырау, батыс пен шығыс елдері арасындағы діни араздық, көрші елдер аумағындағы қарулы және сауда соғыстары салдарынан жаңадан пайда болған қауіп – қатерлерді, алып мемлекеттер арасындағы шиеленістер пен құбылмалы геосаяси жағдайды ескерсек, ұлттық қауіпсіздіктің негізін құрайтын экономикалық қауіпсіздік мәселесі басты орынға шығады.

Қазіргі экономика қоғам өмірінің барлық салаларына тікелей әсер етіп ғана қоймай, мемлекеттің негізін құрай отырып, оның нығаюы мен күшеюі Қазақстан Республикасының демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыруына, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып бекітуіне үлкен әсер етеді [1, 1-б.].

Еліміздің экономикасына әлеуметтік – экономикалық қарым – қатынастардың жетілмегендігі, шаруашылық байланыстардың дұрыс жүргізілмеуі, қалыптасып жатқан нарықтық қатынастардың күрделі жүйесі, экономика саласындағы құқықтық нормалардың жүйесіздігі мен әлсіз реттелуі тән.

Бұдан басқа, экономикамыздың жеткілікті дәрежеде тиімді болмауы, оның азаматтардың тиісті әл-ауқат жағдайын қалыптастыру мен мемлекеттің қызмет етуінің нақты экономикалық базасын қамтамасыз ете алмауын көрсеткен жөн.

Осы ретте, экономикалық тұрғыдан әлсіз мемлекет өзінің экономикалық қауіпсіздігін, азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмай, жалпы ұлттық қауіпсіздікке төнген кез келген қауіп – қатерлерге тиімді қарсы тұра алмайды.

Сол себепті экономикалық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі болып саналады.

Жаһандану жағдайында елдің ұлттық қауіпсіздігі әр түрлі саладағы мамандардың қызығушылығын тудыратын ғылыми зерттеудің жаңа пәні болып табылады. Ұлттық қауіпсіздік түсінігі мен құрылымы, объективті шынайылығының барабарлығы философия, саясаттану, әлеуметтану мен құқықтану ғалымдарымен қарастырылуда.

Ұлттық қауіпсіздік анықтамасының көптілігіне қарамастан экономикалық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің тұғыры болып қала береді.

Сондықтан профессор В.И. Дуженков «ұлттық экономикалық қауіпсіздік» түсінігін ұлттық мүдденің кепілді қорғалуын қамтамасыз ету, мемлекеттің жалпы әлеуметтік бағытталған үндестік дамуын, ішкі және сыртқы неғұрлым қолайсыз жағдайында да

жеткілікті қорғаныс және экономикалық әлеуетін қамтамасыз ететін экономика мен билік институттарының жай-күйі ретінде енгізді [2, 25-б.].

Біздің ойымызша, экономикалық қауіпсіздікті жалпы ел экономикасы мен оның жеке аймақтарында тұлғалардың, шаруашылық субъектілерінің, аймақтар мен мемлекеттің тұрақты дамуы мен экономикалық мүдделерінің тиісті дәрежеде қорғалуын қамтамасыз ету мүмкіндігі деп түсінеміз. Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі экономикалық салада ішкі және сыртқы қауіп – қатерлерден елдің барлық тұрғындарының, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету тұрғысынан да қаралуы мүмкін.

Экономикалық қауіпсіздік кең мағынада тиісінше жоғары және тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ететін, экономикалық қажеттілікті тиімді қанағаттандыру, ұлттық ресурстардың қолданылуы мен қозғалысын мемлекеттік бақылау мен қадағалау, мемлекеттің экономикалық мүддесін ұлттық және халықаралық деңгейде қорғау жағдайына жетуді пайымдайды.

Ал, «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 4-тармақшасына сәйкес экономикалық қауіпсіздік – экономиканың орнықты дамуы және оның тәуелді болмауы қамтамасыз етілетін, Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі ретінде көрсетілген [3, 12-б.].

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіндегі әр мемлекеттік органның алатын орны мен оған жүктелген міндеттерді, жауапкершілікті айқындау өте маңызды болып табылады. Бірақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі прокуратураның рөлі мен бірегей түсінігі анықталмаған.

Бірақ, прокуратура өзінің көп функционалдылығымен, әмбебап қызметімен және құзыреттілігімен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінде ерекше орын алып, қоғам мен мемлекеттің барлық өмір салаларына тәжірибеде нақты әсер етуге мүмкіндігі бар.

Прокуратура органдары конституциялық қағидаттарға сүйене отырып, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өзекті мәселелерді, оның ішінде ішкі қатерлерді жою арқылы тиімді шешуге қауқары бар. Прокурорлық қадағалау мемлекеттегі заңдылықты қамтамасыз етудің негізгі жолы болып табылады.

Бұл Қазақстан Республикасы Конституциясының 83-бабында айқындалып, «Прокуратура мемлекет атынан Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықтың сақталуына заңда белгіленген шекте және нысандарда жоғары қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады» деп көрсетілген [1, 15-б.].

Прокуратура органдарының ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлі мен прокуратураның осы саладағы қызметінің басым бағыттары, біздің ойымызша, конституцияның ескі редакциясы мен прокуратура туралы бұрынғы заңда, соның негізінде қабылданған төменде көрсетілген нұсқаулықтарда мейлінше нақты анықталған еді.

Атап айтқанда, Конституцияның ескі редакциясында 83-баптың 1-тармағына сай прокуратура мемлекет атынан Республиканың аумағында заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәлме-дәл әрі біркелкі қолданылуын, жедел-іздістіру қызметінің, анықтау мен тергеудің, әкімшілік және орындаушылық іс жүргізудің заңдылығын жоғары қадағалауды жүзеге асырады, заңдылықтың кез келген бұзылуын анықтау мен жою жөнінде шаралар қолданады, сондай-ақ Республика Конституциясы мен заңдарына қайшы келетін заңдар мен басқа да құқықтық актілерге наразылық білдіреді. Прокуратура сотта мемлекет мүддесін білдіреді, сондай-ақ заңмен белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қуғындауды жүзеге асыратындығы көрсетілді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2017 жылғы 31 қаңтардағы №7 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік-экономикалық саладағы прокуратураның құқық қорғау функцияларын іске асыру жөніндегі нұсқаулық әлеуметтік-

экономикалық саладағы прокурорлық қадағалаудың жүзеге асырылуын нақтылап, жоғары қадағалаудың нысаналары ретінде: 1) Әлеуметтік саладағы заңдылықты қадағалау; 2) Экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау болып айқындалды.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2014 жылғы 2 қыркүйектегі №85 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдардың қолданылуын, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықта экономикалық саладағы прокурорлық қадағалауға баса назар аударылып, қадағалау саласының бағыттары ретінде салық, бюджет, кеден, банк, мемлекеттік сатып алу, кәсіпкерлерді қорғау бекітіліп, прокуратурамен экономика саласындағы заңдылықты қадағалау жүзеге асырылатын еді.

Алайда, экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау өте маңызды сала болуына карамастан, прокуратура органдарында жүргізілген реформалардың нәтижесінде 2017 жылы 30 маусымда жаңадан қабылданған «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нәтижесінде прокуратураның өкілеттіктері шектеліп, тек сотта мемлекеттің мүддесін білдіру мен мемлекет атынан қылмыстық қудалау қызметтері ғана қалды.

Жаңа заң қабылданғаннан кейін жоғарыда көрсетілген әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдардың қолданылуына прокурорлық қадағалауды ұйымдастыратын нұсқаулықтардың күші жойылды және жаңадан қабылданған нұсқаулықта экономика саласы мүлдем назардан тыс қалды.

Біздің ойымызша, ұлттық қауіпсіздіктің негізгі болып табылатын экономикалық қауіпсіздік саласындағы прокуратураның өкілеттілігін шектеу салдарынан қазіргі кезде еліміздегі кәсіпкерлердің құқығын прокурорлық ықпал ету шараларын қолдану арқылы тиісінше дереу қорғау мүмкіндігі жойылып, кәсіпкерлер ұзаққа созылатын сот тартыстарына жүгінуге мәжбүр болды және мемлекеттік қаражаттарды қалыптастыру мен игеру саласы жоғары қадағалаусыз қалды деп есептейміз.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Прокуратура туралы» Заңға сәйкес прокурорлық қадағалау мемлекеттік қызметтің өзінше дербес және айрықша саласы болып саналады және оның орнын ешбір өзге орган баса алмайды.


Прокурорлық қадағалаудың мемлекеттік қызмет түріндегі дербестігін оның мазмұны анықтайды, оның мәнісі заңдардың, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарының, басқа да нормативтік-құқықтық актілердің республика аумағында дәл және бірыңғай қолданылуына жоғары қадағалауды жүзеге асыруға және кез келген заң бұзушылықты айқындап, оны жою үшін шара қолдануға келіп тіреледі. Бұл қызметті прокуратурадан басқа ешқандай мемлекеттік және басқа орган жүзеге асыра алмайды, себебі прокуратурада оларға қарағанда айрықша функция бар [4, 98-б.].

Прокурорлық қадағалаудың ерекшелігі сонда, прокуратура биліктің ешқандай тармағына жатпайды, ол біртұтас орталықтандырылған және басқа органдарға, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына тәуелді емес, тек президент алдында есеп береді.

Прокуратура ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің маңызды буыны, ол өзінің конституциялық құқықты қорғау функциясын пайдалана отырып, ең алдымен, республика президентінің өкілеттілігін қамтамасыз етеді және заң тұрғысынан биліктің барлық тармағына ықпал етуге, олардың қызметін қадағалауға құқылы. Осы жерде прокуратура биліктің өкілдік, атқарушы және сот органдарын алмасытырмайды, тек ғана өз өкілеттіктерін тиімді пайдалана отырып оларды толықтырады [5, 15-б.].

Ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі прокуратура органдарының рөлін кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік бақылаушы және қадағалаушы органдармен тағайындалған тексерулерін тіркеу мен олардың заңдылығын қадағалаушы қызметінен, қаржы саласында бюджет, салық, кеден, банк саласындағы заңнамалардың сақталуына қадағалау қызметін қамтитын әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау құзыретінен анық көреміз [6].

Прокуратура органдарының әлеуметтік-экономикалық саладағы заңдылықты қадағалау қызметіне қатысты ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөлін анықтау мақсатында талдау жүргізсек, прокуратураның экономиканың барлық салаларымен тығыз қатынаста екендігіне көз жеткізіп, маңызды рөлін анықтаймыз.



Прокуратура органдары мен экономика салалары арасындағы байланыс
(автормен құрастырылған)

Мысалы, прокуратура органдарының кейбір құрылымдық бөлімдері тіптен экономиканың жекелеген маңызды салаларына маманданып, көлік прокуратурасы арқылы көлік саласында, мамандандырылған табиғатты қорғау прокуратуралары арқылы орман, геология мен табиғатты пайдалану салаларында, ал аумақтық прокуратуралардың әлеуметтік – экономикалық саладағы бөлімшелері жалпы экономика саласындағы заңдылықтың сақталуына қадағалау жүргізеді.

Алайда, заң шығарушы тарапынан прокуратура органдарының экономикалық саладағы қызметі ескерілмей, жүргізілген реформалар нәтижесінде прокуратура органдарының өкілеттілігі шектеліп, қылмыстық қудалау мен сотта мемлекет мүддесін білдірумен қалды.

Сондықтан ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 2017 жылғы 30 маусымдағы «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңын қайта қарап, прокуратураның экономика саласындағы өкілеттілігін кеңейту керек.

Қорытындылай келе, прокуратура органдары ұлттық экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде айтарлықтай үлкен роль атқарады және ол мемлекет алдында тұрған көптеген мәселелерді шешуге қауқарлы, ұлттық мүддені қорғау саласында орасан күшке ие.

Сонымен бірге, прокуратураның әлеуетін толық қолдану үшін ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіндегі оның рөлін, қызмет нысандары мен әдістерін жүйелі заңнамалық реттеу керек деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданды
2. Бугубаева Р.О., Айнабек К.С., Экономическая безопасность и проблемы ее обеспечения в Республике Казахстан // Монография. — Караганда: КЭУ Казпотребсоюза, 2013. — 183 с.
3. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы.

4. Жүрсімбаев С.К. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары // Оқулық. Алматы. 2010 ж. 131 - 132 б.
5. Нәрікбаев М.С., Өтебаев Ғ.Қ., Әлиев М.М. Қазақстан Республикасындағы прокурорлық қадағалау // Оқулық. Астана. 2005 ж. 3, 55 б.
6. Гальченко А.И. Роль прокуратуры по обеспечению национальной безопасности // Журнал «Законность» №12. М.- желтоқсан 2015 ж. 15 б.

**ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ІШКІ ІСТЕР
ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАНЫ САҚТАУДЫҢ
НЕГІЗІ РЕТІНДЕ ПРОКУРОРЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУДЫҢ ЖҰМЫСЫ**

Тузельбаев Ергали Ошпанбайұлы

Заң ғылымдарының докторы, профессор

Дустанова Д.М.

«Құқық» білім беру бағдарламасының магистранты

Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;

Осы мақалада прокурорлық қадағалау азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық және басқа да қол сұғушылықтардан қорғау үшін қоғамдағы заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында ішкі істер органдарының әйелдер мен балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы сақтаудың негізі ретінде қарастырылады.

Түйінді сөздер: алдын алу, тұрмыстық зорлық-зомбылық, полиция, өзара әрекеттестік, қоғамдық ұйымдар, оңалту орталықтары.

**ПРОКУРОРСКИЙ НАДЗОР КАК ОСНОВА СОБЛЮДЕНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА
В СФЕРЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОРГАНОВ ВНУТРЕННИХ ДЕЛ ПО ПРОФИЛАКТИКЕ
ДОМАШНЕГО НАСИЛИЯ**

Тузельбаев Ергали Ошпанбаевич

Доктор юридических наук, профессор

Дустанова Д.М.

магистрант образовательной программы «Право»

Казахско-Русский Международный университет; 030006, Актөбе, ул. Айтеке би, 52;

В данной статье рассматривается прокурорский надзор как основа соблюдения законодательства в сфере деятельности органов внутренних дел по профилактике и противодействию домашнего насилия в отношении женщин и детей в целях обеспечения законности и правопорядка в обществе по защите прав и свобод граждан от преступных и иных посягательств.

Ключевые слова: профилактика, домашнее насилие, полиция, взаимодействие, общественные организации, центры реабилитации.

**PROSECUTOR'S SUPERVISION AS A BASIS FOR COMPLIANCE WITH
LEGISLATION IN THE FIELD OF ACTIVITIES OF THE INTERNAL AFFAIRS ON
PREVENTION OF DOMESTIC VIOLENCE**

Tuzelbaev Ergali Oshpanbaevich

Doctor of Law, Professor

Dustanova D.M.

master student of the educational program «Law»

Kazakh-Russian International University; 030 006, Aktobe, st. Aiteke bi, 52;

This article examines prosecutor's supervision as the basis for compliance with legislation in the field of the internal affairs bodies' activities to prevent and counter domestic violence against

women and children in order to ensure law and order in society and protect the rights and freedoms of citizens from criminal and other attacks.

Keywords: prevention, domestic violence, police, interaction, public organizations, rehabilitation centers.

В любом обществе особое значение имеет государственная защита основных прав и интересов несовершеннолетних, поскольку несовершеннолетние дети, как никто другой, подвержены риску различного рода посягательств, а в силу объективных причин не могут самостоятельно защитить себя как физически, так и юридически. Поэтому проблема обеспечения законности в сфере детства носит глобальный характер. Не исключением является и казахстанское государство. В 18 статье Конституции Республики Казахстан провозглашено, что каждый имеет право на неприкосновенность частной жизни, личную и семейную тайну, защиту своей чести и достоинства, а их признание, соблюдение и защита входят в обязанность государства. Основной Закон Казахстана – Конституция, также гарантирует государственную поддержку семьи и детства.[1]

Бытовое насилие - проблема с серьезными социальными последствиями, является распространенным видом правонарушений, и борьба с ним требует комплексного подхода. В Стратегии «Казахстан-2050» Елбасы Н.А. Назарбаев обозначил одну из главных задач казахстанского общества - защиту материнства и детства от насилия.[2]

Указом Президента Н.Назарбаева утверждена стратегия гендерного равенства в Республике Казахстан. 4 декабря 2009 года принят Закон Республики Казахстан "О профилактики бытового насилия", который определяет комплекс правовых, экономических, социальных и организационных мер, осуществляемых субъектами профилактики бытового насилия, направленных на защиту конституционных прав, свобод и законных интересов человека и гражданина в сфере семейно-бытовых отношений, предупреждение и пресечение бытового насилия, а также на выявление и устранение причин и условий, способствующих их совершению.[3]

В связи с этим в данной научной статье предпринята попытка обозначить и разрешить основные проблемы теории и практики прокурорского надзора за исполнением законодательства о женщинах и детях, выявления и определения причинно-следственной связи совершения правонарушений, как самими женщинами и детьми, так и против них, поиска путей решения названных проблем в целях более эффективной защиты прав и законных интересов данной категории лиц органами прокуратуры.

Проблема противодействия насилию в сфере семейно-бытовых отношений является актуальной не только для Казахстана, но и для других государств. В частности, согласно исследованию Всемирной организации здравоохранения распространенность физического и/или сексуального насилия варьируется от 30 до 35% женщин, участвовавших в исследовании. Совет Европы предполагает, что в государствах, являющихся его членами, каждая четвертая-пятая женщина хотя бы один раз в своей взрослой жизни прошла через физическое насилие, и больше чем каждая десятая была жертвой сексуального насилия с применением силы [4].

В любом обществе особое значение имеет государственная защита основных прав и интересов несовершеннолетних, поскольку несовершеннолетние дети, как никто другой, подвержены риску различного рода посягательств, а в силу объективных причин не могут самостоятельно защитить себя как физически, так и юридически. Поэтому проблема обеспечения законности в сфере детства носит глобальный характер. Не исключением является и казахстанское государство.

Президент Казахстана Н.А.Назарбаев указывает, что важнейшей из приоритетных задач, стоящей перед МВД Республики Казахстан, правоохранительные органы, министерство образования, труда и социальной защиты населения, здравоохранения на

ближайшее время и долгосрочную перспективу, «остается защита законных интересов граждан.[5] Серьёзной корректировки требует профилактика в семейно-бытовых отношениях. Предстоит повысить эффективность работы участковых местной полиции (участковые по делам несовершеннолетних), которые должны хорошо представлять проблемы вверенной территории и её жителей, включая тех, кто входит в так называемую группу риска (женщины и дети).

В этой связи в данной научной статье рассматриваются вопросы по основным проблемам теории и практики прокурорского надзора за исполнением законодательства в работе правоохранительных органов в семейно-бытовых отношениях, связанные с насилием женщин и детей, выявление и определение причинно-следственной связи совершения правонарушений в этой сфере.

В процессе защиты прав и свобод граждан в семейно-бытовых отношениях в системе правоохранительных органов Республики Казахстан органы прокуратуры играют важную роль, реализуя функцию надзора за исполнением законодательства в отношении насилия женщин и детей в целях обеспечения законности и правопорядка в обществе, защиты их прав и свобод от преступных и иных посягательств. Поэтому данная функция должна являться одной из главных функций органов прокуратуры Республики Казахстан и осуществляться в рамках общего надзора.

Это связано с тем, что полиция (местная полиция) зачастую ограничивается только проведением профилактических бесед, что негативно отражается на эффективности осуществления профилактики правонарушений против женщин и детей. Эта проблема вызывает всеобщую тревогу по фактам совершения правонарушений против личности, возникающие на почве семейно-бытовых конфликтов. С учетом таких обстоятельств необходимо усилить прокурорский надзор по проблемам предупреждения и пресечения органами внутренних дел правонарушений административно-правовыми средствами, представляется весьма актуальным.

На наш взгляд, положения данного формата носят достаточно общий характер, требуют конкретизации. Так, необходимо уточнить следующие направления с учетом рекомендаций со стороны прокуратуры связанные с их надзором, это: усовершенствование деятельности правоохранительных органов по профилактике семейно-бытового насилия в целом, координация и взаимодействие при выполнении задач в этой сфере; развитие негосударственных общественных формирований, государственных органов (акимата города (области), адвокаты (департамент Юстиции Республики Казахстан) жертв насилия в семье и поддержка их в государственных органах (правоохранительные органы (местная полиция), министерство здравоохранения (департамент здравоохранения области), министерство труда и социальной защиты населения (областные центры, департаменты)) и судах (районных, городских и областных); содействие в социальном обустройстве жертв насилия, их психологической и медицинской реабилитации; предоставление фактического жилого помещения (специализированные центры) женщинам, детям; учет областных, городских и районных особенностей формирования системы противодействия данному явлению.

В связи с чем происходит насилие в семье? На этот вопрос многие из числа представителей правоохранительных органов занимающиеся проблемой домашнего насилия не могут в полной мере ответить, так как их деятельность зависит от эффективности выбранных профилактических направлений на ранней стадии агрессивного поведения по отношению к близким.

На наш взгляд, для получения данного ответа следует рассмотреть формат насилия в семье с точки зрения тех факторов, которые отличают его от других агрессивных действий. Что именно мы имеем в виду, когда говорим о домашнем насилии?

Первоочередной причиной домашнего насилия является то, что оно имеет системный характер, не являясь ни случайностью, ни досадным эпизодом. Системность домашнего насилия проявляется в самих принципах его функционирования: это повторяющиеся во

времени инциденты множественных видов насилия (физического, сексуального, психологического и экономического). Другими словами, в очаге конфликта обычно имеется конкретная проблема, некое противоречие интересов, которое чаще всего можно разрешить при помощи переговоров, компромиссов и взаимных уступок. В «хронической» ситуации насилия в семье поводом для агрессии является не проблемная ситуация, а интересы только одной стороны — обидчика, главной целью которого является желание контролировать и управлять поведением и чувствами другого. В результате этого подвергшийся насилию человек может получить психологические, социальные, экономические, сексуальные или физические вред, ущерб или травму.

Во-вторых, есть принципиальное отличие домашнего насилия от других агрессивных актов, которое заключается в особенностях отношений между объектом и субъектом насильственных действий. В отличие от преступления, совершенного на улице незнакомцем, домашнее насилие происходит в отношениях между близкими людьми — супругами или близкими партнерами, бывшими супругами, родителями, детьми, другими родственниками, людьми, которые были помолвлены или собираются (собирались) пожениться, и т.п. Все эти проблемы возникают в семейно-бытовых отношениях, связанные с насилием женщин и детей.

В связи с вышеизложенным, на наш взгляд следует ввести такой целевой индикатор эффективности реализации государственной семейной программы, как «снижение количества правонарушений, совершенных на семейно-бытовой почве». Усовершенствование указанного сегмента государственной семейной политики может быть осуществлено и путем изучения ближнего зарубежного опыта формирования системы предупреждения насилия в семье.

При выборе анализа данных направлений опыта решения обозначенной проблемы нами учитывались следующие факторы: прежде всего, необходим постоянный контроль со стороны прокуратуры, которая проводила правильную политику в отношении: наличия правовой основы для регулирования деятельности государственных (министерство здравоохранения, министерство образования, министерство труда и социальной защиты населения) и негосударственных организаций по профилактике семейного насилия; уровень внедрения и реализации положений нормативно-правовых актов и рекомендаций органов исполнительной власти (акиматы городов, районов, областей), правовые акты государства; результат реагирования на факты насилия и адекватного воздействия на лиц, совершающих насильственные действия по отношению к членам семьи; соединение репрессивных и других, в том числе психотерапевтических, средств коррекции агрессивного поведения лиц, совершивших насилие в семье; возможность использования отдельных положений такого опыта при организации профилактики насилия в семье органами внутренних дел Республики Казахстан.

Основной целью научной статьи являются рекомендации, предложения прокуратуры с учетом контроля за деятельностью правоохранительных органов по выполнению возложенных на них задач при подготовке научно-теоретических и практических выводов по совершенствованию административно-правовых средств предупреждения и пресечения органами внутренних дел (полицией) правонарушений в сфере семейно-бытовых отношений.

Для достижения указанной цели автором поставлены следующие задачи:

- сформулировать понятие административно-правовых средств предупреждения и пресечения органами внутренних дел правонарушений, совершаемых в сфере семейно-бытовых отношений, разработать классификацию и представить их перечень;
- выявить пробелы правового регулирования предупреждения и пресечения органами внутренних дел правонарушений, совершаемых в сфере семейно-бытовых отношений, и предложить пути их решения;
- уточнить компетенцию полиции при осуществлении административной деятельности в сфере семейно-бытовых отношений;

- проанализировать нормативно-правовые и подзаконные акты акимов областей, городов и районов, устанавливающие административную ответственность за нарушение прав в сфере семейно-бытовых отношений;

- проанализировать несогласованность нормативно-правового регулирования в области административной ответственности за совершение правонарушений в сфере семейно-бытовых отношений связанная с профилактикой правоохранительных и государственных органов и предложить пути их решения;

- определить круг причин и условий, способствующих совершению правонарушений в сфере семейно-бытовых отношений, и лиц, склонных к их совершению, которые указывают на возможность воздействия на них полиции, общественных формирований и целях их устранения;

- выработать отдельные рекомендации и предложения по совершенствованию системы административно-правовых средств предупреждения и пресечения правонарушений в указанной сфере семейно-бытовых отношений;

- рассмотреть деятельность полиции (местной полиции) по применению административно-правовых средств предупреждения и пресечения правонарушений в исследуемой сфере на различных стадиях;

- разработать и предложить отдельные тактические рекомендации осуществления служебной деятельности сотрудников полиции в указанной проблеме по вопросам насилия женщин и детей.

Необходим постоянный контроль со стороны прокуратуры за выполнением вышеперечисленных задач связанные с деятельностью правоохранительных органов по профилактике и недопущению семейно-бытовых правонарушений.

Преодоление существующих проблем теоретического, правового и организационно-методического характера в деятельности органов внутренних дел (полиции) по предупреждению и пресечению правонарушений в исследуемой сфере путем прокурорского надзора по совершенствованию системы административно-правовых средств будет способствовать повышению уровня защищенности граждан.

Список использованной литературы:

1. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 23.03.2019 г.). Раздел 2. Статья 18. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000>

2. Стратегия «Казахстан-2050» - Новый политический курс для нового Казахстана в быстро меняющихся исторических условиях. https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programs

3. Закон Республики Казахстан от 4 декабря 2009 года №214-IV «О профилактике бытового насилия» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.07.2018 г.). Режим доступа: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30525680

4. Всемирная организация здравоохранения. Насилие в отношении женщин. (30 ноября 2017 г.) Режим доступа: <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/violence-against-women>

5. Выступление Президента Казахстана Н.Назарбаева на VII съезде судей Казахстана. (21 ноября 2016) Режим доступа: https://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystupleni-e-prezidenta-kazahstana-nnazarbaeva-na-vii-sezde-sudei-kazahstana

6. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.04.2019 г.)

7. Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях от 5 июля 2014 года № 235-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.08.2019 г.)

8. Министерство труда и социальной защиты населения. (25.01.2017).
9. ЗАКОН РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН «Об органах внутренних дел Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 19.04.2019 г.)
10. Закон Республики Казахстан от 30 июня 2017 года № 81-VI «О Прокуратуре» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 21.01.2019 г.)

К СВЕДЕНИЮ АВТОРОВ

Уважаемые коллеги

Казахско-Русский Международный университет принимает статьи для
Международного научного журнала «Вестник КРМУ».
Журнал имеет ISSN 2307-5686

Научный журнал включает статьи по следующим *направлениям*:

1. *Гуманитарные науки;*
2. *Естественные науки;*
3. *Технические науки;*
4. *Экономические науки;*
5. *Юридические науки.*

Общие требования к содержанию:

1. К рассмотрению принимаются научно-теоретические и экспериментальные работы по проблемам общественных, гуманитарных и прикладных наук, содержащие научную новизну и практическую значимость;
2. Статья должна отражать современный уровень знаний по данному направлению, квалифицированно излагать научно-технические вопросы, обладать сжатым и хорошим литературным изложением, иметь четко выполненные иллюстрации;
3. Материал, предлагаемый для публикации, должен являться оригинальным, неопубликованным ранее в других печатных изданиях;
4. Автор несет ответственность за опубликованные материалы, их научную достоверность, статьи должны быть отредактированы автором и не содержать грамматических, лексических ошибок.
5. Автор представляет свою статью в Научно-исследовательский отдел на бумажном и электронном носителях.

ТРЕБОВАНИЯ К ОФОРМЛЕНИЮ РУКОПИСЕЙ

I. Структура статьи (построчно):

НАЗВАНИЕ СТАТЬИ – прописными буквами.

Имя, отчество, фамилия (полностью).

Ученая степень, звание.

Полное наименование организации, город, страна.

Аннотация (не более 8-ми строк) на трех языках (аннотация на казахском, на русском и на английском языках).

Текст статьи.

Список источников.

II. Оргкомитет просит авторов при подготовке докладов руководствоваться следующими правилами:

1. Формат страницы - А4, книжная ориентация. Объем материалов должен составлять 3-7 страниц, отпечатанные через 1,0 интервал, в редакторе «Word», шрифт «Times New Roman», цвет шрифта черный, кегль - 12. Поля: верхнее и нижнее - 2,0 см, левое – 3 см, правое – 1,5 см.

2. Форматирование текста: запрещены любые действия над текстом («красные строки», центрирование, отступы, переносы в словах, уплотнение интервалов).

3. Все рисунки должны быть выполнены черно-белыми и не должны превышать страницу формата А4, изображения должны быть высокого качества. Формат рисунка

должен обеспечивать ясность всех деталей. Иллюстрации и таблицы нумеруются, если их количество больше одной.

4. Литература. Список использованной литературы должен быть оформлен в соответствии с ГОСТ 7. 1-84. Например:

1. Автор. Название статьи // Название журнала. Год издания. Том (например, Т.26) - номер (например, №1.) - страница (с.34. или с. 15-24.)

2. Аманов С.А. Название книги. Место издания (например Алматы:) Издательство (например, Наука), год издания. Страница.

3. Петров И.И. Название диссертации: дис.канд.биолог.наук. М.: Название института, год.

4. С. Christopolos, The tranmisson-Line Modeling (TML) Metod, Piscataway, N. Paris. 1995.

5. Ссылки на источник в виде порядкового номера помещают в тексте в квадратных скобках: [16, с.45].

III. На отдельной странице (в бумажном и электронном варианте) приводятся сведения об авторе:

Сведения об авторе

Фамилия, имя, отчество

Название статьи

Направление

Полное название организации – места работы (учебы), ее почтовый адрес

Занимаемая должность, ученая степень

Номера телефонов (служебный и домашний) с указанием кода города

E-mail

Домашний адрес (фактический) с индексом

Примечание. Укажите, пожалуйста, с кем из авторов (если авторов несколько) вести переписку или переговоры и по какому адресу или телефону.

Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи, рукописи и электронные версии не возвращаются, статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и не возвращаются авторам.

Материал просим выслать по адресу: 030006 г. Актобе, ул. Айтеке би, 52, Казахско-Русский Международный университет, Вестник КРМУ.

Телефоны для справок:

8(7132) 22-15-16, факс: 8 (7132) 21-06-08

E-mail: vestnikkrmu@mail.ru

Международный научный журнал
«Вестник Казахско-Русского Международного университета»

«Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің хабаршысы»
халықаралық ғылыми журналы

Выпуск №4 (33)

Редактор *Сейлханова Рахила Бексовна*
Технический редактор *Арстанова А.О.*

Подписано в печать: 30.12.2020 г.

Тираж 100 экз.

Адрес типографии:

Типография и дизайн-студия «Палитра»
Казахско-Русского Международного университета
Республика Казахстан, 030006, г. Актобе, ул. Айтеке би, 52

По вопросам опубликования статей в журнал обращаться
в Казахско-Русский Международный университет
тел.: 8(7132)- 21-73-65, 22-15-16, факс: 21-42-12;
сайт: www.krmu.kz E-mail: vestnikkrmu@mail.ru mmu@akparat.kz

Международный научный журнал «Вестник Казахско-Русского
Международного университета» зарегистрирован в Комитете информации и архивов
Министерства Культуры и информации Республики Казахстан
(№ 13379-Ж от 19 февраля 2013 г.)

и в обязательном порядке распространяется по следующим адресам:

1. *Национальная государственная Книжная палата РК*, г. Алматы, ул. Пушкина 2, 8-этаж, каб. 811;
2. *Дом Мажилиса Парламента РК, библиотека Парламента РК*, г. Астана, ул. Орынбор 4;
3. *Национальная библиотека РК*, г. Алматы, проспект Абая 13;
4. *Агентство связи и информации при Министерстве культуры РК*, г. Астана, ул. Орынбор 8

Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сай болмауы мүмкін.
Жарияланымдағы фактілер мен мәліметтердің шынайылығына авторлар жауап береді.
Редакция қолжазбаларды қайтармайды және оған пікір білдірмейді.
Материалдарды қайта басу редакцияның рұқсатымен мүмкін болады.
Журналға сілтеме жасау міндетті.

Опубликованные материалы могут не совпадать с точкой зрения редакции.

Ответственность за достоверность фактов и сведений,
содержащихся в публикациях, несут авторы.

Редакция не возвращает и не рецензирует рукописи.

Перепечатка материалов возможна только с разрешения редакции.

Ссылка на журнал обязательна.

ISSN 2307-5686



0 1



9 772307 568187